

Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнының өнімін бөлу туралы Түпкілікті Келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 12 қаңтар N 5

1997 жылғы 18 қарашада Қазақстан Республикасының Үкіметі, "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық үлгідегі акционерлік қоғамы және Аджип Қарашығанақ Б.В., БГ Эксплорейшн энд Продакшн Лимитед, Тексако Интернэшнл Петролеум Компани, "Лукойл" мұнай компаниясы" акционерлік қоғамы арасында Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнының өнімін бөлу туралы Түпкілікті Келісімнің (бұдан әрі - Өнім бөлу туралы келісім) жасалуына байланысты, сондай-ақ аталған Келісімнің қағидаларын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1997 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі, "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық үлгідегі акционерлік қоғамы және Аджип Қарашығанақ Б.В., БГ Эксплорейшн энд Продакшн Лимитед, Тексако Интернэшнл Петролеум Компани, "Лукойл" мұнай компаниясы" акционерлік қоғамы, Аджип С.п.А., БГ п.л.к. және Тексако, Инк. арасындағы Өнім бөлу туралы келісімнің және Өзара кепілдіктер туралы келісімнің ережелері бекітілсін.

2. Өнім бөлу туралы келісімге қоса берілген Игеру Жоспарының II кезеңіне сәйкес Мердігердің жұмыс бастауы бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары мен лауазымды адамдарына Мердігердің және Уәкілетті органның өтінімі бойынша Өнім бөлу туралы келісімге және Өзара кепілдіктер туралы келісімге сәйкес олардың өз құқықтары мен міндеттемелерін жүзеге асыруына қажетті барлық лицензиялар мен рұқсаттамаларды Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес беру тапсырылсын.

4. "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясына "Лира" объектілерін заңдарда белгіленген тәртіппен берсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК